

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«К. Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған Республикалық
мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты»
мемлекеттік мекемесі
Педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы**

20 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар :

педагогикалық ұжым (барлығы 157 адам)

Күн тәртібі :

1. Мектеп-интернаттың өзін-өзі аттестаттау жөніндегі анықтамасын бекіту

Тыңдалды:

Абдрашев Б.Т. – мектеп директоры

Ол мектепте өзін-өзі аттестаттау аясында оқу-тәрбие қызметіне мониторинг жүргізу туралы ақпарат берді. 2025 жылғы 18 тамыздағы мектеп директорының бұйрығымен құрылған комиссия келесі құрамда жұмыс істеді:

1. Абдрашев Б.Т. – мектеп директоры – комиссия төрағасы,
2. Сурапбергенова С.А. – музыка жөніндегі директордың орынбасары,
3. Мусрепова М.С. – оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары,
4. Сокпаева А.А. – тәрбие жұмысы жөніндегі директордың орынбасары,
5. Султанова Б.А. – камералық ансамбль және квартет бөлімінің меңгерушісі;
6. Люберцева Э.В. – міндетті фортепиано бөлімінің педагогі және меңгерушісі;
7. Бахтыбаева К.А. – халық аспаптары бөлімінің педагогі;
8. Мукушева Г.К. – музыка теориясы, тарихы бөлімінің педагогі;
9. Кундакбаева Г.Б. – музыка теориясы, тарихы бөлімінің педагогі;
10. Молдыбева Ш.Б. – тарих және қоғамтану пәнінің педагогі;
11. Султанова Б.К. – химия және биология пәнінің педагогі

Өзін-өзі бағалау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік аттестаттау критерийлеріне сәйкес келесі бөлімдер бойынша жүргізілді:

1. Ұйым туралы жалпы мәліметтер (құқық белгілейтін, рұқсат беретін құжаттар)
2. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мазмұнына қойылатын талаптар және оқу нәтижелеріне бағдарлануы
3. Оқушылардың оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар
4. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
5. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

Комиссия мүшелері тыңдалды:

Мусрепова М.С., Сурапбергенова С.А. өзін-өзі бағалау бойынша атқарылған жұмыстар туралы мәлімдеді. Талдау соңғы 2 оқу жылы аясында

жүргізілді. Комиссия мектептің қызметін барлық бағыттар бойынша талдады: білім беру деңгейі мен бағдарламаларды меңгеру, білікті кадрлардың болуы, қолжетімді білім беру жағдайларын жасау, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, материалдық-техникалық жабдықталу, білім беру қызметтеріне қанағаттанушылық, тәрбие процесі және т.б. Арнайы музыкалық білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейіне, сондай-ақ түрлі конкурстардың лауреаттарын дайындаудағы нәтижелілікке жақсы баға берілді. Жалпы білім беру пәндері бойынша бағдарламаларды меңгеру де оң бағаланды, дегенмен оқу-тәрбие процесін заманауи талаптарға сай ұйымдастыру шарттарын жетілдіру қажеттігі атап өтілді. Үлгерім нәтижелері кестелер мен диаграммаларда көрсетілді. Комиссия проблемалық мәселелер мен олардың шешу жолдарын анықтады. Әдістемелік жұмысты жетілдіру, педагог кадрлардың курстық дайындықтарын жүйелеу, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру қажеттілігіне назар аударылды. Барлық ұсыныстар анықтамада көрініс тапты.

Сокпаева А.А. білім беру процесінің объектілері мен субъектілерінің көрсетілетін білім беру қызметтеріне қанағаттанушылығы сауалнама арқылы анықталғанын атап өтті. Мектеп-интернат қызметіне қысқаша тоқталды.

Молдыбаева Ш.Б., Кундакбаева Г.Б. педагогтардың авторлық бағдарламалары мен әдістемелік әзірлемелерін бекіту және оларды сараптамалық кеңеске жолдау жөнінде әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға қатысты ұсыныстар жасады. Тәжірибе алмасу аясында басқа ұйымдармен ынтымақтастық орнатуды ұсынды.

Ұжым мүшелері балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру, тұрмыстық жағдайларды жақсарту, сапалы білім беру қызметтерін ұсыну үшін оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселелерін талқылады. Музыкалық дарынды балаларды оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктеріне айрықша көңіл бөлінді, ол мектеп қызметін мониторинг жүргізгенде ескерілуі тиіс. Бұл бағыттағы мектеп әкімшілігінің әрі қарайғы жұмысына және уәкілетті органдармен бірлескен іс-қимылына назар аударылды. Анықтамаға қажетті барлық қосымшалар жасалып, электрондық форматта ұсынылды.

4 және 9-сынып оқушыларының тестілеуі тиісті ұйымдармен келіспеушілікке байланысты жүргізілген жоқ. Ол кейіннен өткізу нәтижелерімен қоса беріледі.

Анықтама – өзіндік есепті талқылай келе және комиссия мүшелерінің мәліметтерін талдап, педагогикалық кеңес бірауыздан **шешім қабылдады:**

1. Комиссия мүшелерінің ұсынымдарына сәйкес мектептің жұмысын Қосымша 2 (бағалау критерийлері) негізінде «Жақсы» деп бағалау.

Төраға:

Абдрашев Б.Т.

Хатшы:

Куспанова Н.Н.